

## «№3 Мәртөк жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

### № 1 Қамқоршылық кеңесінің хаттамасы

Өткізілу күні: 28.08.2023 жыл

Өткізілу орны: №3 Мәртөк жалпы орта білім беретін мектебі

Өткізілу уақыты: 11:00

Қатысушылар: Қамқоршылық кеңес мүшелері 9 адам.

Мектеп директоры: М.Ш.Жамаладинов

Әлеуметтік педагог: Б.Ж.Казиева

Хатшы: К.Ы.Зайнуллова

#### Күн тәртібі:

1. Қамқоршылық кеңес жұмысының жұмыс тәртібімен таныстыру; (К.Ы.Зайнуллова)
2. Қамқоршылық кеңестің жылдық жұмыс жоспарын жасау және бекіту (М.А.Турлыгулова)
3. Оқушыларды оқулықтармен қамтамасыз ету жағдайы туралы. (Н.Т.Куатова)
4. "Мектепке жол" республикалық акциясын өткізу. (Б.Ж.Казиева)
5. Қаржылай көмек көрсету туралы ақпарат (К.Ы.Зайнуллова)
6. Балаларды мектеп асханасында сапалы тегін жеңілдікпен тамақпен қамтамасыз ету (тізімді бекіту) (К.Ы.Зайнуллова)


#### Отырыс барысы:


1. Бірінші сұрақ бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары К.Ы.Зайнуллова Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығына 2-қосымшасына сәйкес қамқоршылық кеңес жұмысының ұйымдастыру тәртібі туралы айтып өтті. Сонымен қатар қамқоршылық кеңес функцияларымен кеңес мүшелерін таныстырды.
2. Кеңес мүшелері 2023-2024 жылға қамқоршылық кеңес жұмыс жоспарын құрып, талқылап, бекітуге ұсынды. Кеңес төрайымы М.А.Турлыгулова жұмыс жоспарын бекітті.
3. Келесі сұрақ бойынша кітапханашы Н.Т.Куатова 2023-2024 оқу жылына барлық оқушылар оқулықтармен 100% қамтамасыз етілгендігі туралы хабарлады.
4. Төртінші сұрақ бойынша әлеуметтік педагог Б.Ж.Казиева №3 Мәртөк ЖОББ мектебі бойынша Республикалық «Мектепке жол» акциясы жүргізілуі туралы айтып өтті. Мәртөк аудандық білім бөлімінің 2023 жылының 7 тамызының №542 бұйрығы негізінде «Мектепке жол» акциясы аясында 2023 жылдың 1 тамызынан бастап 13 мектеп оқушысына оқу-құралдары және мектеп киімдері ретінде көмек көрсетілгендігін атап өтті. «Мектепке жол» акциясына мектеп ұжымы және ата-аналар белсенді қатысып, жалпы көмек соммасы 135 571 теңгені құрады. Сонымен қатар «Самұрық Қазына» қорынан 3 оқушыға мектеп сөмкесі және оқу құралдар табысталды. Аудандық маслихат депутаттары тарапынан 4 оқушыға мектеп сөмкесі және оқу құралдар табысталды. Акция туралы есеп Аудандық білім бөліміне жіберіліп отырғандығы және акция туралы мәлімет мектеп инстаграмм парақшасына жарияланып отырғандығын атап өтті.


5. Бесінші сұрақ бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары К.Ы.Зайнуллова Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы N 64 Қаулысы негізінде №3 Мәртөк жалпы орта білім беретін мектебінің жекелеген санаттағы 43 оқушысы ақшалай 40 567 теңге көлемінде қаржылық көмек алғандығы туралы айтты. Қаржылық көмек алушы ата-ана 15 күн ішінде берілген соммаға сәйкес мектеп формасы және оқу-құралдарын алғандығы туралы дәлелдеме ретінде түбіртектер тапсырғандығын атап өтті.
6. К.Ы. Зайнуллова 2023 жылдың 4 қыркүйегінен бастап мектеп асханасында жекелеген санаттағы 25 оқушы, 1-4 сыныптардан 204 оқушы ыстық тамақпен қамтамасыз етілетіндігі туралы айтып кетті. Оқушылардың уақытылы тамақтануын қадағалау мақсатында мектеп асханасында мұғалімдердің кезекшілік кестесі құралғандығын атап өтті. Сонымен қатар мектеп асханасының тазалығын, тамақ дайындау сапасын тексеру мақсатында комиссия құрылғандығын айтып кетті.

Шешім:


1. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша жұмыстар жүргізілсін және анықтамалар қабылдансын.

Қамқоршылық кеңес төрайымы:  М.А.Турлыгулова


Хатшы:  К.Ы.Зайнуллова

Кашимова Б.У 

Жольмова М.Н 

Кульгарашева Л.Ф 

Сохарева М.Ю 

Куатова Нургуль Тулгановна 

Ерманова Е.В 

Сарбупенова Л.В. 

Аманбаева А.М 